

БЕКІТЕМІН:

Мектеп директоры:

Зейб.Е.В

2024-2025оқу жылы



**«Қына ауылы ЖОББМ» КММ жанындағы
«Айгөлек» шағын орталығының
Циклограммасы**

Орындаған: Муса Хуанар

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы


Қыркүйек айы 2024 жыл 1 апта



Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.09.2024ж	Сейсенбі 03.09.2024ж	Сәрсенбі 04.09.2024ж	Бейсенбі 05.09.2024ж	Жұма 06.09.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу,жағымды атмосфера орнату.Көңіл күйін сұрау. Коммуникативтік дағды	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу,үйде немен айналысқанын сұрау. Коммуникативтік дағды	Шармен , көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу,балалық шақ күйін қосу. Шығармашылық дағды,ұлттық құндылық	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу,қоянның сұрақтарына жауап беру. Коммуникативтік дағды	Достар әнімен қарсы алу. жағдайын,көңіл күйін ата-аналардан сұрау. Денсаулығын тексеру . Жеке жайлы жағдай жасап қабылдау Шығармашылық дағды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Күз мезгілінің маусымдық өзгерістермен таныстыру. Жанды және жансыз табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылауды үйрету арқылы зейіндерін дамыту. Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет	«Қай жануар артық» Мақсаты: Жасырылған жануарларды таба алады.	«Қуыршақты киіндір» мақсаты: қазақ халқының ұлттық киімдерін тануға үйрету Ұлттық құндылық	Заттардың белгісі мен қасиеттерін анықтай білуге жаттықтыру. Табиғатты сүюге баулу Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет	Асық ойындары Ұлттық құндылық

Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. Қоршаған ортамен танысу	Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету Шама ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. Математика негіздері	Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру Құрастыру	Заттық сурет салу. Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру Сурет салу	Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету Көркем әдебиет
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.	Музыка Музыка тыңдау. түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.	Дене шынықтыру Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп,	Қазақ тілі ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету	Дене шынықтыру Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындау;

			бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;		
Дене шынықтыру					
Дене шынықтыру Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, колмен аяқ қимылдарын үйлестіру.	Музыка Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.	Дене шынықтыру Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру	Қазақ тілі Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту: сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестіру; құрдастарымен және ересектермен диалог жүргізу; тақырыпты сипаттай білу; антонимдерді түсіну (ақ-қара, үлкен-кішкентай). (Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, емхана, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз) Бөбекжайда жұмыс істейтін мамандықтармен таныстыру; сөйлем құрастыру мүмкіндігін дамыту; «Мынау кім?» «Мынау не?» «Не істейді?»	Дене шынықтыру Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту;	

				<p>«Қандай?» деген сұрақтардың мағынасын түсіндіру. «Ә», «Ү», «Ы» , «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. (Тәрбиеші, күтуші, аспазшы, меңгеруші, жақсы, жұмыс істейді)</p> <p>Ойыншықтарды қазақша дұрыс атауға үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата білуге жаттықтыру. Өткен сөздерді бекіту. Ойыншықты таза ұстауға тәрбиелеу. (Сылдырмақ, қонжық, сұр, қоңыр, жолақ, ойнаймыз, санаймыз, жинаймыз)</p> <p>Отбасының барлық мүшелеріне деген құрметті тәрбиелеу. Қазақ тіліне тән «Ә», «І», «Ғ», «Ң» дыбыстарын дұрыс атау. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Әже, ата, әке, ана, іні, сіңлі, туыс, екеу, үшеу, мейрімді)</p> <p>Музыка алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу,</p>
--	--	--	--	---

				<p>музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату</p>	
<p>Балалар, мынау біздің тобымыздың бөлмесі. Бөлмеміз жарық, әрі кең. Топта сіздерге арналған көп ойыншықтар бар. (Балаларға демонстрациялық көрнекілікті көрсете отырып, балабақшамен таныстыру) – Мынау не? – Оған не саламыз? т.б. сипаттарын атау, түсін, көлемін айту. – Мынау не? – Оған не саламыз? – Қандай ойыншық көріп тұрсындар? – Мынау не? (Кереует – жататын төсек). – Онда не істейміз? (ұйықтаймыз, т.б.) топ, бөлме, кереует, қолжуғыш сөздерімен</p>	<p>- Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? - Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата. - Күз мезгілі несімен қызықты? - Күздің неше айы бар? - Күзде адамдар қандай еңбек жасайды?Қошаған ортамен таныстыру,Сөйлеуді дамыту</p> 	<p>Суретте неше түйе болса сонша дөңгелекті боя.Математика негіздері Қағаз бетін ашық түсті дақтармен саусаққа жағылған бояумен жақпалармен толтырумен сурет салуға үйрету Сурет салу «Неге ұқсайды?» дидактикалық ойын-жаттығуы. Бұл тапсырмада балалар суреттегілердің неге ұқсайтынын айтып, сурет бойынша сәйкестендіреді. Балалар</p>	<p>Суретте неше түйе болса сонша дөңгелекті боя.Математика негіздері Қағаз бетін ашық түсті дақтармен саусаққа жағылған бояумен жақпалармен толтырумен сурет салуға үйрету Сурет салу «Неге ұқсайды?» дидактикалық ойын-жаттығуы. Бұл тапсырмада балалар суреттегілердің неге ұқсайтынын айтып, сурет бойынша сәйкестендіреді. Балалар</p>	<p>ағашта неше жапырақ болы? нешеуі түсті.Математика негіздері, Сөйлеуді дамыту Педагог балалардан күзді қандай белгілеріне қарай анықтауға болатынын сұрайды. Күзде табиғатта қандай құбылыстар байқауға болады? Балалар өз болжамдарын айтады: Далада жаңбыр жауып тұр, күн суыта бастады, салқын жел соғып, сарғайған жапырақтар жерге түсіп жатыр. Күн шығып тұрғанымен бұрынғыдай</p>	<p>Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау. көркем әдебиет, музыка Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап тақия суретін бояуын ұйымдастыру, қарандашты дұрыс ұстауын дамыту. Түрлі түсті ермексаздан моншак (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншак бөлшектерін жапсырып, моншак тізу. сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Еркін іс әрекеттер</p>




<p>сөздік жұмыс жүргізіледі. Қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет</p> <p>Ойыншық үйді дәсүрден тыс сурет салу арқылы жасау</p>  <p>Дәсүрден тыс сурет салу</p>	<p>Ұстағышпен ұстап олардың ұшын шығарады. Қарындаштың ұшымен, қатты баспай әдемілеп сызықтар сызуды көрсетеді. Қарындашты оң қолдың үш саусағы – бас бармақ, сұқ саусақ, ортаңғы саусақпен ұстап, ұшын қатты баспай әртүрлі сызықтар, нүктелер, дөңгелектер сызып, жұмыс жасау жолдарын көрсетеді</p> <p>Сурет салу</p>	<p>мен шар, текше, доп сөздерімен сөздік жұмыс жүргізіледі. – Төртбұрышты текшеге ұқсайды. – Сары түсті. – Шар – шар, текше – куб, доп – мяч. – Допқа ұқсайды, ол домалақ, домалайды. – Қарбыз допқа ұқсайды. – Алма шарға ұқсайды. Сөйлеуді дамыту</p>	<p>қыздырмайды. Сол арқылы балалардың табиғат құбылыстарының атауларын ауа райындағы өзгерістермен салыстыра отырып атап көрсету қабілетін нығайтады. Құстар жылы жаққа ұшып кетіп жатыр, аңдар да қыстың қамын қылып жатыр. Адамдар егін жинап, көгөніс пен жемістерден қыста жейтін азық дайындап жатыр. Мысалы: жаңбыр жауды – жер батпақ болды (дымқыл болды); жел соқты – ағаштардың бұтақтары иіліп, шайқалды; күн шығып тұр – дала жылынып, жарқырай түсті; аспанды қара бұлт торлады – күн бұлттанды. Қоршаған ортамен таныстыру</p>	
 <p>Сендер таңертең қайдан келдіңдер? – Қайда келдіңдер? (Балабақшаға келдік). – Сен келетін балабақша қалай аталады? – Сендердің топтарың қалай аталады? – Балабақшада кімдер</p>	<p>«Менің алғашқы кітабым» тақырыбында балалармен әңгімелесу. Сурет кітаптарының бояу. Жазушымен кездесу. сөйлеуді дамыту</p> <p>Топтағы кітап</p>	<p>Кітапқа қамқор боламыз. Кітаптарды қалай күтіп ұстау керектігі туралы әңгімелесу. сөйлеуді дамыту</p> <p>Балаларға жыртылған кітаптарды түптеп, жапсырып жөндеуге беру. Өз қолдарымен жасаған кітаптармен сөрені</p>	<p>Балалар қалаулары бойынша іс әрекеттерді тандап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. Бірінші орталықта біздің топта қандай кітаптар бар? Кітаптарды қалай ажыратуға болатынын анықтау. Кітап неден жасалған? Қоршаған ортамен таныстыру,</p>	<p>Кітап дүкені және кітапхана туралы балалардың ойларын тыңдау, кітапханада және кітап дүкенінде рөлдік ойынын ойнау. Айырмашылықтарын білу. сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</p> <p>Ертегі кітап суретін салу</p>

	<p>жұмыс істейді? (Педагог, аспаз, медбике). – Балабақша ішіне саяхат жасағыларың келе ме? Саяхатқа пойызбен барамыз. «Пойыз» ойыны. – Біздің пойызымыз қандай ұзын! Пойызымызға көп вагондар тіркеліпті. Кәне, пойыздың дөңгелектері қалай айналады? Көрсетіндерші. Ал, паравоз, баста алға, Бәрімізді басқар да. Піш-піш, піш-піш, біз кеттік, Жүрісті біз үдеттік. Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</p> <p>«Сызық жүргіз» ойыны Педагог дәптерге орындау үшін мынадай тапсырма береді: олар үлкен шәйнектен үлкен кесеге дейін, ал кішкентай шәйнектен кішкентай кесеге дейін жол салыңдар. Математика негіздері</p>	<p>орталығын шарлармен әр түрлі суреттермен сәндеу сурет салу</p> <p>«Кітап сөреге қалай келеді» тақырыбында әңгімелесу. Қандай мамандар кітап шығару жолында қызмет ететінін фильм арқылы тамашалау. қоршаған ортамен таныстыру</p> <p>Рөлдерге еніп ойнау. Көркем әдебиет</p>	<p>толтыру. жапсыру</p>	<p>зерттеу әрекеті</p> <p>Өзіміз кітап жасаймыз. Балаларға қағаздарды желімдеу арқылы кітап жасату. жапсыру</p> <p>Өз қалаулары бойынша кітап мұқабасын сәндеп сурет салу. сурет салу</p>	<p>сурет салу</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары,</p>				

	ұсақ моториканы дамыту				
Серуен	<p>Бақылау: Бұлтты бақылау.</p> <p>Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлиларды ажырату.</p> <p>Еңбек Ауладағы гүлдерді суару.</p> <p>Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып</p> <p>Жерге қайтар су болып. (Бұлт)</p> <p>Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.</p> <p>Ойын: «Кімге қандай құрал керек?»</p> <p>Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Қимылдық ойын: «Соқыр теке».</p>	<p>Бақылау: Жылы жаққа қайтқан тырнарларды бақылау.</p> <p>Мақсаты: Күзде тырнарлардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру.</p> <p>Еңбек: Құстарға жем сауыт жасау.</p> <p>Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: Сап-сары боп келе жатқан , Сезді мекен күзді олар .</p> <p>Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырнарлар.</p> <p>Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын</p>	<p>Бақылау: Желді бақылау.</p> <p>Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру.</p> <p>Еңбек: «Әдемі гүлдер»</p> <p>Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.</p> <p>Жеке жұмыс: Тақпақ. «Жел»</p> <p>Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.</p> <p>Жел улейді у-у-у.</p> <p>Құйын келіп билейді зу-зу</p> <p>Қатты-қатты жел соқтығу-гу-гу,</p> <p>Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.</p> <p>Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек».</p> <p>Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Қимылдық ойын:</p>	<p>Бақылау: Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету.</p> <p>Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю.</p> <p>Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс:«Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу</p> <p>Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қорын молайту.</p> <p>Қимылдық ойын: « Ақ қояным»</p> <p>Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру.</p> <p>Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты»</p> <p>Ойын барысы: « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты», - дейді. Осы кезде ұшпайтын нәрсесеге қолын көтерген кісі айыпты болып</p>	<p>Бақылау: Құстардың күзгі тіршілігін бақылау.</p> <p>Мақсаты: Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққа ұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру.</p> <p>Еңбек: «Біздің ойыншықтар».</p> <p>Мақсаты: Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: Тақпақ: «Құстар қайтып барады».</p> <p>Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстардың дұрыс айта білуге үйрету.</p> <p>Қазан толы Дәулет қорын қалады. Заңғар көкке жол сызып, Құстар қайтып барады.</p> <p>Қимылдық ойын: «Жүзік салу»</p> <p>Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету.</p> <p>Қимылдық ойын: «Сымсыз телефон».</p> <p>Ойын барысы: Балалар сап түзеп тұрады.Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына</p>

	<p>Ойын барысы: Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын. Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі. Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ»,- деп мазақтап түртіп қашады. Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс. Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады. Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыртеке» болады. Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды. Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді.</p> <p>Дербес ойындар: 1. Әткіншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу.</p> <p>Тренинг: «Біз тату баламыз».</p>	<p>қалыптастыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Күзде не киеміз?»</p> <p>Мақсаты: Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкію үлгісін көрсете түсіндіру.</p> <p>Қимылдық ойын: «Аттамақ».</p> <p>Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу.</p> <p>Ойын барысы: Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады. Бріншісі- төмен , оны аттап өту керек, екінші- биік, оны еңкейіп, үшіншісінен тағы да аттап өту керек. Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қояберу керек. Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап</p>	<p>«Орамал тастау».</p> <p>Ойын барысы: Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады. Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған, ұруға ыңғайлы болады. Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді. Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды. Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс. Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалған орынға келіп отырады.</p> <p>Дербес ойындар: 1. «Желмен жарысайық» 2. «Менің әдемі үйім»(құрастыру)</p> <p>Тренинг: «Қолшатыр астында».с</p>	<p>есептеледі. Үшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба-қарға, үйрек-бүйрек, кептер-кепсер, көже- шөже, іркіт-бүркіт болып айтылады. Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады.</p> <p>Дербес ойындар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • «Тәтті тоқаштар» пісірейік • «Мені қуып жет». <p>Тренинг: «Шаңырақ»</p>	<p>сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады. Ал енді ойын басқарушы соңғы адамнан бастап әлгі айтылған сөзді сұрайды. Бастапқы айтқан сөзі кейде өзгеріп кетуі мүмкін, соны қате естіп өзгерткен адам айып өтейді. Айып түрлері: Ән салу, би билеу т.б</p> <p>Дербес ойындар: 1. Тығылыспақ 2. Әткеншек тебу.</p> <p>Тренинг: «Құс болып ұшайық».</p>
--	---	---	--	---	---

		жүреді. 1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік. Тренинг: «Тырналар болып ұшайық».			
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Біреу – көп» ойыны. фланелеграфтағы бір және көп заттардың суреті салынған плакатты көрсетеді. Балаларды суретте қай заттар біреуден, қай заттар көп екендігін сұрайды. Кірпілер тек алманы ғана емес, саңырауқұлақтарды да қатты жақсы көретінін айтады. Суретте кірпілерді табуды ұсынады. Кірпілердің арқаларында неше саңырауқұлақ барын ата? Себетте неше саңырауқұлақ барын ата? Математика негіздері, сөйлеуді дамыту – Суреттен нені көріп тұрсыңдар? Алаша қандай пішінге	«Суреттерді қарап шығып, күздің бізге не сыйлағанын айтып бер. Күзгі жапырақтың суретін боя. Ол қай ағаштан үзіліп түсті екен?» Қоршаған ортамен танысу Жатыр дала жалтылдап, Жаз шуағын мол құйды. Күн астында алтын дән Тербеледі, толқиды. Толықсыған тасқындай Көкжиекпен ұштасып, Күн астында ақ бидай Билейді қол ұстасып. Көркем әдебиет	«Күзгі жапырақтардың түсуі» атты тыныс алу жаттығуына қатысады. Жаттығуларды орындайды: Бөтелкенің қақпағындағы есікке салынған түтікшеден үрлейді. Жел пайда болады. Түрлі түсті қағаз майлық қиындыларымен толтырылған бөтелке мен түтікшелер таратып береді. Қоршаған ортамен таныстыру Балалар жіңішке жолақ қағаздардың әр түстерін таңдап, жапырақтарды үзіп қияды, көп жапырақ қиып алған соң оны ағаштарға орналастырады, қағазға жабыстырады. Құрастыру, жапсыру	Бұл не заттар? Түстері қандай ? Ұзындықтары, пішіні неге ұқсайды? Неден жасалған? Бұл – ленталар. Ұзын жолға немесе жолақтарға ұқсайды. Шүберектен жасалған Енді алдарыңда тұрған үлестірмелі материалдардағы ленталарға мұқият қараңдар. Бұл ленталар ұзын жолға ұқсайды. Осы ленталарды қылқаламды бояуға батырып бояйды. Сурет салу	Бес саусаққа киілетін театр әлемімен таныстыру, әр баланың саусағына кигізіп, саусақ театры туралы түсінік қалыптастыру (Саусақ театры)

	<p>ұқсайды? Қандай түсті жолақтардан жасалған? –Балалар, ертегілер әлеміндегі ханзадаларға сиқырлы алашалар керек екен, көмектесіп жіберейік. Алдын ала үлгіден қиып алып дайындаған көк және қызыл түсті жолақтарды кезектестіре отырып, тігінен, солдан оңға қарай үлгідегідей етіп жапсырамыз</p> <p>Жапсыру</p>  <p>Көлеңке</p>  <p>тауып орналастыру. Құрастыру</p>				
 <p>суретке қарап ағаштардың суретін салу. Суретте алдымен ағаштың діңін қоңыр бояумен салып, мақталы таяқшамен қаттырақ басып, содан кейін жапырақтарын жасыл, сары түспен сүйкей жағамыз, соңында қызыл, сары түсті алмаларды</p>	<p>Кітаптан ертегі оқып беру. Балалардың өздері құрастырған ертегісін тыңдау</p> <p>көркем әдебиет</p> <p>Кітаптарын жасау бойынша жұмыстарын жалғастыру. сурет салу, жапсыру</p> <p>Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру</p> <p>математика негіздері</p>	<p>Кітапхана немесе кітап дүкенін құрастыру материалдарынан құрастыру. құрастыру</p> <p>Еркін рөлдік ойындар. Өз кітаптарын жасау жұмыстарын жалғастыру</p>	<p>Кітаптан ән жаттау, айту</p> <p>музыка</p> <p>Еркін іс әрекеттер. Өз кітаптарын жасау жұмыстарын жалғастыру</p>	<p>Балалардың өз қолдарымен жасаған кітаптарынан көрме ұйымдастырып, басқа топтың педагогтарымен балаларын шақыру.</p>	

	домалақтап салу, қосымша жанына гүлдер, шөптер салуға болады. Сурет салу Бұрыннан білетін домалақтау тәсілімен алманы жасаймыз. Алманың сабағын орналастыратын жерді саусағымызбен шұңқыраймыз. Сабағы мен жапырағын жасап, шұңқырға орналастырамыз. Алмұртты жасау үшін, алмадан үлкендеу дөңгелек жасап, жоғарғы жағын сопақша пішінге келтіріп созамыз. Сыртын тегістейміз. Жасаған жемістерінді жәшікке салыңдар. Мүсіндеу.				
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Міндеті: балаларға сурет оқу қызметі бойынша қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Міндеті: сөздерді дұрыс айтуды үйрету	Жеке баламен жұмыс: Міндеті: Өлең, тақпақтар жаттату	Жеке баламен жұмыс: Міндеті: Балалармен қарым - қатынаста болуын дағдыландыру	Жеке баламен жұмыс: Міндеті: Балалардың есте сақтау қасиеттерін арттыру үшін, балаларға тақпақ жаттату
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Психолог кеңесі. (Жеке балаларға)	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы.	Жобаны таныстыру: әжелер мектебі Аналар мектебі Әкелер мектебі





Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы



Қыркүйек айы 2024 жыл 2 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.09.2024ж	Сейсенбі 10.09.2024ж	Сәрсенбі 11.09.2024ж	Бейсенбі 12.09.2024ж	Жұма 13.09.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу, көңіл күйін қал жағдайын сұрау. Коммуникативтік дағды	Қазақ күйінің сүйемелдеуімен қарсы алу Ұлттық құндылық Шығармашылық дағды	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. Коммуникативтік дағды	Үш түрлі смайликпен қарсы алу. Жағымды атмосфера орнату Әлеуметтік дағды	Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу Коммуникативтік дағды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Жеуге жарамды – жарамсыз» жүргізуші белгілі бір көгөніс, жеміс, жидек немесе кез келген заттың атауын атап, қатысушыларға кезекпен доп лақтырады. Егер жарамды болса допты қағып алады (немесе қол шапалақтайды). Экологиялық тәрбие Қоршаған ортамен таныстыру	«Тату-тәтті отбасы» мақсаты: Балалар ойын арқылы отбасы мүшелерін дұрыс атауды үйренеді. Коммуникативтік дағды	Музыка тыңдау шаттану. ойын: «Бұл не?» Міндеті топ бөлмесімендегі заттарды атау Коммуникативтік дағды	Саусақ ойыны «Сәбіз» Міндеті бір затты екінші затпен беттестіру. Танымдық дағдылар	Үстел үсті ойыны – пазл: «досымның суреті» Міндеті өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру Құрастыру әрекеті
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету Қазақ тілі</p>	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы -сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, Байланыстырып сөйлеу: -суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Заттық мүсіндеу: сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу</p>	<p>Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игеру Жапсыру</p>	<p>Нан қоқымын шашпағдар Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастаңдар.. Көркем әдебиет</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.</p>	<p>Музыка Музыка тыңдау. түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>Дене шынықтыру Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен</p>	<p>Қазақ тілі ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету</p>	<p>Дене шынықтыру Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындау;</p>

				<p>дыбыстарының айтылуын үйрету. (Тәрбиеші, күтуші, аспазшы, меңгеруші, жақсы, жұмыс істейді)</p> <p>Ойыншықтарды қазақша дұрыс атауға үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата білуге жаттықтыру. Өткен сөздерді бекіту. Ойыншықты таза ұстауға тәрбиелеу. (Сылдырмақ, қонжық, сұр, қоңыр, жолақ, ойнаймыз, санаймыз, жинаймыз)</p> <p>Отбасының барлық мүшелеріне деген құрметті тәрбиелеу. Қазақ тіліне тән «Ә», «І», «Ғ», «Ң» дыбыстарын дұрыс атау. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Әже, ата, әке, ана, іні, сіңлі, туыс, екеу, үшеу, мейрімді)</p> <p>Музыка алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын,</p>
--	--	--	--	---

				<p>қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату</p>	
<p>Табиғи материалдармен ойыншық жасату(жаңғақтармен) мүсіндеу. Мүсіндеу</p> <p>Геометриялық пішіндерді таныстыруды жалғастыру. Карточкалармен жеке жұмыстарды орындату. Сәйкес пішінмен сызық арқылы қосу</p>  <p>математика</p>	<p>«Маша мен аю» ертегісін айтып беру, қайталап айту дағдыларын дамыту. Көңілді музыкаға би билеуді үйрету. көркем әдебиет, музыка</p>  <p>сурет бойына оң жақ пен сол жақты ажырату. Математика негіздері</p>	<p>Үй жануарлары мен жабайы жануарлар бейнеленген кітаптарды қарату. Жануарлардың азығы жайлы түсінігін қалыптастыру сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет</p> <p>Сурет бойынша тапсырма, оң жақ және сол жақ Математика негіздері</p>  <p>Оң жақта тұрған баланың сол қолына жалауша, оң қолына шар ұстат.</p> <p>Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Оң жақтағы суреттерден осы жыл мезгіліне тән белгілерді тап және боя. Артық суретті сыз.</p> 	<p>Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау. көркем әдебиет, музыка</p> <p>Құрастыру материалдарынан қуыршаққа үйшік құрастыруды жетілдіру. құрастыру</p> <p>Еркін іс әрекеттер</p>	<p>Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру. сурет салу, мүсіндеу, жапсыру</p> <p>Еркін іс әрекеттер</p>	

	<p>негіздері</p>  <p>Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер</p>				
	<p>«Торғай ұшты» Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанға созу, басты оңнан солға қарай, төмен- жоғары бұру</p> <p>Дене шынықтыру Топтағы сүйікті ойыншықтарын атау, алып келу. Ойыншықтары не үшін сүйікті екенін айту, суретін салу немесе мүсінін жасауды ұсыну. сөйлеуді дамыту, сурет салу, мүсіндеу Кітаптарда ойыншығының суреті барма қарау. Ертегіде ойыншығы туралы айтыла ма анықтау. көркем әдебиет Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» көздерін жұмып, қолдарымен</p>	<p>«Гүлдің ашылуы» Аяқтары алшақ қойылған. Қол төменде, аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары созу. (6- рет қайталау.) Дене шынықтыру</p> <p>«Ғажайып ойыншық жасау шеберханасымен» балаларды таныстыру. Балалар қалаған табиғи заттарды алып өз ойыншығын жасайды. құрастыру Ойыншық жасау үшін қажетті заттар тізімін дайындау. қоршаған ортамен танысу Ол ойыншықпен</p>	<p>Менің ата анамның ойыншығы тақырыбында әңгімелесу. Олар қандай ойыншықпен және қалай ойнағаны туралы сұрау. Балалардың ойын тыңдау. сөйлеуді дамыту</p> <p>Сол ойыншықтардың суретін салу. сурет салу</p> <p>Қуыршақ туралы тақпақ жаттау көркем әдебиет «5 ке дейінгі сиқырды сандар» Тура жіне кері санау математика негіздері</p>	<p>Дидактикалық ойын «Ойыншық неден жасалған» Ойыншықтарды биіктігіне қарай топтастыру санау, жұптастыру «Бестемше» ойын құралы негізінде ұлттық ойыншығымен таныстыру. Қосу кемеіту амалдарын үйрету математика негіздері «Асық» ойыны дене шынықтыру Орамалдан бөпе жасау. құрастыру Музыка Педагог жетекшілігімен «Сүйікті ойыншығым» жапсыру</p>	<p>«Арқан созу» Аяқты алшақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, 1- оң қолымызды жоғары, 2- сол қолды төменге қарай созу. 3-4 қимылды керісінше жасау. /6 рет қайталау/ Дене шынықтыру «Менің отбасым» отбасы мүшелерін атау көркем әдебиет (мен бақытты баламын сурет салу</p>

	қоржындағы ойыншықты тауып, атау. Ретімен, кері қарай санау математика негіздері	қалай ойнауға болатынын әңгімелеу. сөйлеуді дамыту Ол ойыншықтың қандай болып шығатынын ойланып суретін салу. сурет салу			
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	<p>Бақылау: Ауа-райын бақылау.</p> <p>Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.</p> <p>Еңбек: «Таза алаң».</p> <p>Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік».</p> <p>Мақсаты: Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру. Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.</p> <p>Е.Өтетілеуов. «Күшік».</p>	<p>Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау.</p> <p>Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.</p> <p>Еңбек: Жапырақтардан гүл шоғын жасау</p> <p>Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.</p> <p>Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Желмен</p>	<p>Бақылау: Алтын күзді бақылау.</p> <p>Мақсаты: Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау. Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату.</p> <p>Қуандырып біздерді, Кел жемісті алтын күз Мерекелі күз келді Кемелденсін халқымыз.</p> <p>Қимылдық ойын: «Жылғадан қарғып өтеміз», «Қоян мен қасқыр».</p> <p>Мақсаты: Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету.</p> <p>Еңбек: «Таза алаң»</p> <p>Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын</p>	<p>Бақылау: Жәндіктерді бақылау.</p> <p>Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.</p> <p>«Қыстың камын жаз ойла».</p> <p>Еңбек: Біздің алаң.</p> <p>Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттырып, өздігінен еңбек ете білуге үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату.</p> <p>Мақсаты: «Суға түкірме», «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.</p> <p>Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Тығылыспақ.</p>	<p>Бақылау: Күнді бақылау.</p> <p>Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.</p> <p>Қимылдық ойын: «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ»</p> <p>Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу.</p> <p>Еңбек: Гүл шоғы.</p> <p>Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап, олардан әдемі гүл шоғын жасау.</p> <p>Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуұлы. «Бағдаршам»</p> <p>Мақсаты: Бағдаршаммен таныстыру. Жолда жүру ережелерін түсіндіру.</p> <p>Е.Өтетілеуұлы</p>

	<p>Үреді үйшікте Біреуі қардай ақ, Аулада күшіктер Біреуі сұр жолақ Біреуі оның қап-қара, Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Біреуі сары ала Үреді абалап Ойын: «Қасқыр мен каздар». Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Өткеншек тебу. 2. Допты қуалау. Тренинг: «Біз біргеміз».</p>	<p>ұшып барады, Жапырақтар сезгендей. Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Ойын: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Орта доп 2. Өткеншек тебу 3. Қуаласпақ Тренинг: «Бір шаңырақ астында».</p>	<p>жинау. Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету. Жеке жұмыс: «Отбасы мүшелері» Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. Дербес ойындар. Тренинг: «Біз татумыз».</p>	<p>2. Тартқышқа тартылу. 3. Допты қуалау.</p>	<p>«Бағдаршам» Сақта көше тәртібін Сары жанса, сабыр Бағдаршамның ал «тілін» Сақтай тұрам әзір. Біліпт алдым мен де: Жанса қызыл шоқтай, Жасыл жанса, демде Қаламын кілт тоқтай. Алға кетем лезде. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Төбешіктен-төбешікке секір. 2. Күн мен түн Тренинг: «Күн шуағы».</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киятін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Ойыншықтар қайдан келеді? Бізге ойыншықты көп сыйлайтын адамдар? сөздік қорын кеңейту, байланыстыр ып сөйлеуді үйрету. сөйлеуді дамыту Сылдырмақ</p>	<p>Көлік құралдары ойыншықтарымен таныстыру. Олардың өмірдегі қызметі туралы айту, қалай ойнауға болатынын көрсету. «Артығын тап»</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша топтағы қалаған ойыншығын алуына жағдай жасап ойнату Таңдаған ойыншығының суретін салу және жапсыру, мүсіндеу жұмыстарын орындату</p>	<p>«Менің қуаршағым» тақырыбында әңгімелесу. Үйдегі қуыршағын сипаттау, топтағы қуыршақтармен салыстыра сөйлеуді үйрету сөйлеуді дамыту Өзінің сүйікті</p>	<p>«Ғажайып қоржын» ішінен бір ойыншықты ұстап сезу, бірақ көрмей атын атау. Топтағы ойыншықтарды сипаттауын ұйымдастыру. Қоржынана алған ойыншығы туралы не білетіндерін әңгімелету.</p>

	<p>Өзінше бір жыр жырлап, Отыр інім былдырлап. Әрі ойыншық, әрі аспап Қолында бар сылдырмақ. <i>К. Ыбрайұлы</i> Өлеңді оқып беру. Өлеңнің мағынасын түсіндіру. Бірге жаттау. көркем әдебиет</p> <p>Балаларды орталықтарға бөліп құрастыру және сурет салу даңдыларын жетілдіру. карточкаларға қарап құрастыру материалдарынан ойыншықтар құрастырту. құрастыру</p> <p>Дәстүрден тыс әдіспен ойыншықтар бейнесін бояту сурет салу</p>	<p>(әуе жер, су көліктер) бойынша карточкалармен жұмыс жасату сөйлеуді дамыту</p> <p>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп көліктердің суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту. сурет салу, мүсіндеу, жапсыру</p>	<p>Үй жануарлары мен жабайы жануарлар ойыншықтарын тамашалау. Олардың кітаптарға бейнелерін табу. Өз ойларын айтқызу. сөйлеуді дамыту</p>	<p>қуыршағының киімін бояу немесе ермексаздан сөмке, әшекей заттар жасауды меңгерту сурет салу, мүсіндеу.</p>	<p>Өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>
--	---	---	--	--	--

	Топтағы ойыншықтарды санау, биік аласа өлшемі бойынша топтастыру, салыстыру Сөрелерге кеңістікті бағдарлай отырып жайғастыру құрастыру	Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Балалардың таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстар мүсіндеу	Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Ойыншық зауыттары туралы фильм, мультфильм тамашалау. қоршаған ортамен таныстыру	Музыкалық ойыншықтармен танысу. Концерттік қойылымға дайындалу қоршаған ортамен таныстыру, музыка	Жәрмеңкені ата аналар үшін дайындау. Балалардың әсерлері туралы әңгімелесу қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: «Ойыншықтар театры»: Мақсаты: ойыншық кейіпкер үшін іс-әрекет орындау, бейнелеудің басым құралдары дауыс ырғағы және бет қимылы болып табылады.	Еркін ойын: «Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-рөлді ойынының Мақсаты: берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру.	Психологтың жұмысы: Ментемірмен үнді дыбысты (P) дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	Жеке баламен жұмыс: «100 сөз» Тілі шықпаған балалармен зат атауларын қайталап тілдерін жаттықтыру	Жеке баламен жұмыс: Бояумен жұмыс жасау дағдыларын жақсарту үшін қол моторикасы дұрыс дамымаған балалармен жұмыс жүргізу
Балалардың үйге қайтуы	Қазақ тіліндегі сөздерді зерделеу бойынша ұсыныстар беру	Режим бойынша өмір сүру» ауызша журнал	«Баланы тәрбиелеудегі отбасының рөлі» ата-ана бұрышындағы кеңес	Ас атасы – нан» балалар-ата-аналар жобасы. Міндеті : нан туралы білімді жүйелеуде білім беру қатынастарына қатысушы ретінде ата-ананың қызметін жандандыру. Жоба балалардың назарын дастарханымызда қандай жағдайда пайда болатынына аударуға,	Сәтті демалыс тілеу

				нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеуге арналған. 3-4 жастағы мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және дамыту тақырыбы бойынша ата-аналардың өтініштері бойынша жеке консультациялар	
--	--	--	--	---	--

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қыркүйек айы 2024 жыл 3 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16.09.2024ж	Сейсенбі 17.09.2024ж	Сәрсенбі 18.09.2024ж	Бейсенбі 19.09.2024ж	Жұма 20.09.2024ж
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүр туралы жеке әңгіме, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары. Достық атмосферасын құру. «Жақсы көңіл-күй» ойынмен қабылдау Коммуникативтік дағды	Сықырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) Коммуникативтік дағды	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу Коммуникативтік дағды	Көңілді күн әнімен қарсы алу Шығармашылық дағды	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу Коммуникативтік дағды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың денсаулығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. «Баланың шкафында не болуы керек?» кеңес беру	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Жеке атауын ата» Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап, түстерін, пішіндерін ажырата алады. Қоршаған ортамен таныстыру	«Құстарға көмектесеміз» Мақсаты: Балалар құстар туралы түсініп, өз ойын айта алады. Экологиялық тәрбие	«Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты: суреттерден көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін айтады. Қоршаған ортамен таныстыру	«Балық аулау» Мақсаты: сұрақтарға жауап бергізе отырып, логикалық қабілетін дамиды Танымдық дағдылар	«Дыбысынан таны» Мақсаты Есту қабілеттерін дамытады. Тілдік қарым -қатынас мәдениетін дұрыс қолданады. Шығармашылық дағдылар

Таңертеңгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ((Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Көкөністер мен жемістердің суретін салу Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салу	Құрылыс материалдарынан әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру Құрастыру	Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру Мүсіндеу	Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету Бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау Жапсыру	Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету) Қоршаған ортамен таныстыру
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.	Музыка Музыка тыңдау. түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.	Дене шынықтыру Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;	Қазақ тілі ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету	Дене шынықтыру Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындау;





	<p>Дене шынықтыру Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қолмен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p>	<p>Музыка Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p>	<p>Дене шынықтыру Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру</p>	<p>Қазақ тілі Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту: сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестіру; құрдастарымен және ересектермен диалог жүргізу; тақырыпты сипаттай білу; антонимдерді түсіну (ақ-қара, үлкен-кішкентай). (Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, емхана, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз) Бөбекжайда жұмыс істейтін мамандықтармен таныстыру; сөйлем құрастыру мүмкіндігін дамыту; «Мынау кім?» «Мынау не?» «Не істейді?» «Қандай?» деген сұрақтардың мағынасын түсіндіру. «Ө», «Ү», «Ы», «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. (Тәрбиеші, күтуші,</p>	<p>Дене шынықтыру Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту;</p>
--	--	---	--	---	--

				<p>аспазшы, меңгеруші, жақсы, жұмыс істейді) Ойыншықтарды қазақша дұрыс атауға үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата білуге жаттықтыру. Өткен сөздерді бекіту. Ойыншықты таза ұстауға тәрбиелеу. (Сылдырмақ, қонжық, сұр, қоңыр, жолақ, ойнаймыз, санаймыз, жинаймыз) Отбасының барлық мүшелеріне деген құрметті тәрбиелеу. Қазақ тіліне тән «Ә», «І», «Ғ», «Н» дыбыстарын дұрыс атау. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Әже, ата, әке, ана, іні, сіңлі, туыс, екеу, үшеу, мейрімді)</p> <p>Музыка алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен),</p>
--	--	--	--	--

				әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату	
